



*Сауран ауданы БІ, Алтынсарин
атындағы шағын жинақты жалпы
білім беретін мектеп
кітапханасының «Оқуға құштар
мектеп» жобасы аясында өткізілген
іс-шарасының есебі*



Мектеп кітапханасы оқу процесін оқулықтармен, әдебиетпен және ақпаратпен қамтамасыз ететін білім беру ұйымындарының маңызды құрылымдық бөлімшесі, сондай – ақ білімді, рухани және интеллектуалды қатынасты, мәдениетті тарту орталығы болып табылады. Кітапханада көптеген кітап көрмелері, дөңгелек үстел, рухани әңгімелер өткізілді «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында биыл мектеп кітапхана қорына 78 дана әдеби кітаптармен толықтырылды.





"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында «Мен оқыған бір кітап» байқауы жалғасын табуда. "Ертегілер елінде" тақырыбы бойынша 4 сынып оқушылары балаларға "Қасқыр мен жеті лақ" ертегісін оқып берді. Оқушыларға ертегілер өте ұнады. Оқуға құштар мектеп жобасы бойынша жасалып жатқан мектебіміздегі түрлі іс-шаралар балалардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыруда оң нәтиже көрсетуде.





Бастауыш сынып оқушылары журналдар мен қатар шағын суретті кітаптар мен халық ертегілерін, «Алдар көсе», «Тазша бала», «Қызыл телпек», «Жануарлар туралы ертегілер» т.б. кітаптарды оқып, артынан ертегі кейіпкерлерін және ертегінің мазмұнын сурет арқылы бейнелей бастады.





Сонымен қатар 3 сынып оқушыларына кітап оқу сағатын ұйымдастырып және сынып болып бір кітап оқып, кейіннен оқушылар оқыған шығармаларындағылығы тақырыптарға өлең жолдарын, шығарма жазып, кітапқа деген қызығушылықтары артты. 4 сынып оқушылары жыл сайын есейіп, өздерінің білімдерін толықтыру мақсатында көптеген қызықты әдеби кітаптар оқи бастады.



7 сыныптар пікірталас



**5 сынып оқушылары
арасында кітап
талқылуы**





*«Білім көзі кітапта»
8сынып
оқушылармен сайыс
сабақ*





*«Менің сүйікті кейіпкерім» тақырыбында
сахналық қойылым*





“Кейіпкерлер әлемі” іс шарасы 6 сынып оқушылары оқыған кітаптары бойынша берілген парақшаға ой пікірлерін жазып, қағаз бетіне бейнесін салып ойларын ортаға салды





Мектеп кітапханасында оқимын деген балаға жас ерекшеліктеріне сай біраз кітаптар бар, оны кітапханашылар, сынып жетекшілері, пән мұғалімдері ұсынып отырады. Егер кітап өте үлкен болса, оны бала оқып шыға алмауы да мүмкін. Жасы үлкейген сайын, бала да күрделі шығармаға қарай ауысады. Қазір жан-жақты ақпарат өте көп. Сондықтан, балаларды әдеби кітаптар оқуға қызықтыру үшін мен ата-аналар байқауын ұйымдастырдым.



*«Менің кітапханамның
кітаптары» ата –аналарға арналған
презентация ұйымдастырылды.
Ата-аналарға кітапхана сөрелеріндегі
кітап көрмелерімен таныстырып,
оқушылармен өткізген іс-шаралар
туралы видеороликтер көрсетілді.*

*Сондай - ақ жаңадан келген
кітаптармен таныстырылды. Ата-
аналармен сұрақ - жауап алмасып,
фото жұмбақтар шешілді. Олар
шара көңілді өткенін айтып,
ризашылықтарын білдірді*





*Мектеп кітапханасы оқырмандарға
сапалы қызмет көрсету, мәдени –
көпшілік іс-шаралар ұйымдастыруға
міндетті.*

*Танымдық іс – шаралардың оқырманның
ой-өрісін кеңейтетін септігі сөзсіз.*

*Мысалы, Қызыл кітапқа, саяхат
библиографиялық шолу, мен оқыған қызық
кітап оқырманның жазбаша пікірі, кітап
–ақыл ойдың қазынасы кітапханаға
саяхат жұмыстарын жүргізу арқылы
кітапхана мен ат-ана арасы байланыса
түседі.*





*“Кітапханаға кітап
сыйла” акциясы*





*Кітап – сарқылмас рухани қазына дей келе,
білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру.
Оқушылардың рухани және интеллектуалды
дамуына кітап оқу арқылы қызығушылығын
арттыру, кітаптың адам өміріндегі маңызы,
ғылым мен білімнің пайдасы туралы айтып,
кітап арқылы мейірімділікке тәрбиелеу.*